

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 1002 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі N 633 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.07.26. N 633 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кіріс туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - т а р м а қ т а :

3) тармақшадағы "1, 2 және 3" деген сандар "1, 2, 3 және 4" деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы қаулыға 4-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық корпуста қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, акцияларының жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғам таза кірістің 20 (жиырма) пайызын дивидендтерді төлеуге жұмсайды деп белгіленсін";

2) 2 - т а р м а қ т а :

"Индустрия және сауда" деген сөздерден кейін ", Сыртқы істер" деген сөздермен толықтырылсын;

"2 және 3" деген сандар "2, 3 және 4" деген сандармен ауыстырылсын;

3) 3-тармақтағы "1, 2 және 3" деген сандар "1, 2, 3 және 4" деген сандармен ауыстырылсын;

4) осы қаулыға қосымшаға сәйкес 4-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003

жылғы

30

қыркүйектегі

№ 1002 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 25 сәуірдегі

№ 404 қаулысына

4-қосымша

**Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық
корпусқа қызмет көрсетуді жүзеге асыратын, акцияларының
жүз пайызы республикалық меншіктегі акционерлік қоғам**

"Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" ЖАҚ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК